


Рахманқұл Бердібай

Әр жылдар ойлары




Рахманқұл Бердібай

ӘР ЖЫЛДАР ОЙЛАРЫ

(Әдебиет-өнер, фольклор, түркология)

-235996-



«Тұран» баспасы
2007

ББК 83.3 Қаз

Б 45

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редакция алқасы: Пірәлиев С., Орал Ұ., Ергөбек Қ.,
Айменов Ж., Райымбердиев Т., Ибраев Ш.

Жауапты редакторы: филология ғылымдарының кандидаты
Қыдыр Т.

Б 45 Бердібай Р. Әр жылдар ойлары. Көмекші оқу құралы. –
Түркістан, «Тұран» баспасы, 2007. – 680 б.

ISBN 9965-840-12-1

Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Түркология ғылыми-зерттеу институтының бас ғылыми қызметкері Рахманқұл Бердібайдың “Әр жылдар ойлары” атты жинағы - жеке тақырып немесе жанр табиғаты жөніндегі зерттеу емес, ХХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ совет әдебиетінің, фольклорының және түркологияның дамуындағы маңызды тенденцияларын сөз ететін, теориялық-методологиялық сипаты бар зерттеулер мен мақалалар топтамасы. Еңбекте социалистік реализм дәуірі әдебиетінің ақырғы серпіні мен ізденіс өрісі сөз болады. Сондай-ақ “Әр жылдар ойларында” түрік халықтары әдеби байланыстары, өнер тағдыры жөніндегі проблемалар да орын алған.

Жинақ жоғары оқу орындары филология факультеттерінің студенттеріне, магистранттары мен аспиранттарына көмекші құрал ретінде ұсынылып отыр.

ББК 83.3 Қаз

М 4603020000
00(05)-07

©Р.Бердібай, 2007

ҰЛТТЫҚ МУЗЫКА ТУРАЛЫ КІТАП

Қазақтың бұрын-соңды жасаған музыка қайраткерлерінің өмірімен, творчествосымен таныстыратын кітап немесе мақалалар жинағы осы күнге дейін жоқтың қасы. Профессор А.Жұбановтың қазақтың халық композиторларының өмірі мен творчествосы туралы еңбегі бұл саладағы алғашқы қадам еді. Бірақ, ол кітаптың да белгілі кемшіліктері байқалып, қолдан шығып қалды. Одан кейінгі ұзақ үзілістен соң баспадан шыққан еңбек – “Қазақстанның музыкалық мәдениеті” атты кітап.

Қазақ халқының музыкалық мәдениетімен жұртшылықты таныстыруға бұл кітаптың пайдалы болатыны сөзсіз. Өйткені қазақ музыка зерттеушілері күні бүгінге дейін музыка тарихын мүлде баяу зерттеп келеді. Сол себептен “жоқтан бар жақсы” дегендей осы жинақтың шығуына да қатты қуанамыз.

Егер қазақ әдебиетінің тарихы азды-көпті зерттелген десек, нақ музыка жөнінде мұны айтуға болмайды. Қазақ музыкасының келелі мәселелері әлі де қолға алынбай отыр. Тіпті, күрделі ғылыми еңбектерді айтпағанның өзінде, белгілі композиторлар жөнінде жеке кітапшалар, очерктер шығаруға әбден болады ғой. Қазіргі қазақ совет музыкасы халықтық шығармалардың ықпалынсыз өсе алмайтынын ескерсек, жұртшылықты ұлттық музыканың байлығымен, оның тарихымен, композиторлар өмірімен және творчествосымен таныстырудың аса қажеттігін түсінеміз. Дегенмен, осы мәселе музыка жұртшылығының кең талқысына түспей келеді. Ал қазіргі кезде музыка тарихын зерттеуді кешеуілдетудің ешбір реті жоқ. Бір кезде осы мәселе профессионал зерттеушілердің аздығынан қозғаусыз жатты. Қазір республикамызда арнаулы білімі бар зерттеушілер шығып отыр. Олардың алғашқы қарқыны жаман да емес. Халық қазіргі кезде музыка зерттеушілердің үлкен проблемаларға баруын, музыка тарихын нағыз ғылыми негізде батыл зерттеуін күтіп отыр.

Әрбір халықтың мәдени дамуында белгілі белестер болады десек, қазақ халқы қазір музыка мәдениетіне үлкен талаптар қоятын кезеңге жетіп отыр. Ендігі жерде “музыкамыз қарыштап өсіп келе жатыр” деген тәрізді жұбаныш сөзбен жұртшылықты алдандыра білуге болмайды. Совет жылдарындағы музыкалық табысымыз аз емес. Бұдан былайғы жерде сол табысты тілге тиек етіп отыра беруге тағы болмайды. Шынын айтсақ, соңғы бірнеше жылдың ішінде музыка дүниесіне жарқ етіп келген үлкен шығарма жоққа тән. Талантты композиторларымыздың жеке әндері қаншалықты табысты, сүйікті болғанымен, бұл қазақ музыкасының дамуындағы көптеген олқылықты жаба алмайды. Бізге жаңа опера керек. Халықтың көңілімен тілдесіп жататын сұлу, ойлы әндер қажет. Жұртшылыққа рухани ләззат беретін музыкалық шығармалардың түр-түрі зәру. Міне, осы тілек халқымыздың музыканың дамуына қаншалықты ықыласты екенін көрсетеді.

Қазақ музыкасын жинауда және зерттеуде орыс зерттеушілерінің көп еңбек сіңіргені мәлім. Халқымыздың екі мыңнан астам әні мен күйін жинап, нотаға түсірген тамаша адам Александр Викторович Затаевичтің еңбегінің өзі таңғаларлық ерлік деуге болады. Зерттеушінің өшпес ерлігі қазіргі музыка мамандарына зор үлгі. Сөз еткелі отырған кітапта Затаевич туралы мақаланың берілуі де өте орынды. Халықтың асыл өнерін жан-тәнімен сүйе білген, сол жолға барлық өмірін бағыштаған адам ғана осыншама қаһармандық іске бара алады.

Жоғарыда біз Қазақстанның музыка мәдениеті жайындағы кітаптың пайдалылығын айтып кеттік. Бұдан музыкамен әуестенушілер, қала берді жұртшылық біраз мәлімет ала алады. Дегенмен осы тәріздес кітаптар бұдан талай жыл бұрын шығуға мүмкіншілігі бар еді. Оның үстіне бұл секілді жинақтарды әлденеше етіп шығаруға да қазір жағдай толық. Кітапта Қазақстанның халық әртістері Қ.Жандарбеков пен Е.Брусиловскийден басқа да тамаша

шеберлеріміздің өмірі мен творчествосынан мәлімет беруге болар еді.

Қазақстанның музыка мәдениеті туралы кітапты пайдалы, керекті еңбек дегенде, біз бұл тәрізді жинақтардың мүлде болмай келгенін ескеріп айтамыз. Шынында қазақ оқушысы ұлы композитор Құрманғазының өмірінен дерек беретін қымбат материал Н.Савьичтің естелігімен тұңғыш рет танысып отыр. Сол сияқты орыс зерттеушісі А.Ивановскийдің Ноғайбай ақын туралы жазғандарының да мәні бар.

Кітаптағы аса қымбат материалдың бірі - академик Б.Асафьевтің қазақ музыкасы жөніндегі пікірлері деуге болады. Шынында жинақтың ең шынайы әрі терең ойлары да осы мақалаларда. Онда нағыз терең, әділ сыншының ойы бар. **Асафьевтің қазақ музыкасына берген бағасы осы жөнінде айтылған бұрынғы-соңғы ой-пікірдің биігі десек қателеспеспіз.** Мұнда жанашыр, адал адамдарға тән шыншылдық пен әділдік сезіледі. Осыған қарағанда қазақ музыкасы жөніндегі қазіргі айтылып жүрген бағалардың көбі жай жалпылама сөз екенін көрмеуге болмайды.

Жинақта қазақтың халық әндерінің музыкалық ерекшелігі (М.Ахметова), домбыра туралы (А.Алексеев) таныстыру мақалалары берілген. Асылы, бұл кітап орыс оқушысына арнап шығарылған тәрізді. Сондықтан да көп жағдайда мұндағы талдаулар тілмәштің бір тілден екінші тілге аударма жасағанындай тек таныстыру дәрежесінде қалған. Әрине, ол музыка тілімен және нотасымен берілгендіктен орыс музыканттары бұл жинақтан қазақ әндері мен күйлерінің құрылысымен таныса алады. Қазақ әндері мен күйлерін топқа, жікке бөліп таныстыруда авторлар едәуір еңбек еткен.

В.Дернованың Абай туралы қызғылықты мақаласы да оқушыға біраз мағлұмат бере алады. Бірақ Дернованың Абай әндері тек өлеңді насихаттау қажеттігінен туған деген пікіріне түгелдей қосылуға болмайды. Оның үстіне зерттеушінің негізгі ықыласы Абай өлеңдері мен орыс романстарының

арасында қаншалықты ұқсастық бар дегенге ауып кеткен тәрізді. Оның мақаласында “пәлен ән, түген әнге ұқсаңқырайды екен” деген сияқты тұжырым басым. Біз әсте де Абай әндерінің көзсіз қорғаушысы болғымыз келмейді. Бірақ осы “әсер” деген мәселені иінді жерінде, дәмін кетірмей қозғаған жөн. Егер Абай әндері бастан-аяқ романстардың көшірмесі немесе “жанданған” түрі болса, оны зерттеудің қажеті шамалы ғой. Онда тек сөзді құрастырған тәрізді ұқсас әндерді қатар тізіп қойса болғаны. Бірақ нағыз ғылымның әдісі бұлай болмаса керек. Біздіңше, Абай әндерінің характерін оны қоршаған ортадан, сол кездегі жалпы жағдайдан, қазақ музыкасының заңдылығынан іздеген жөн.

Қазақ музыкасымен көптен таныс композитор Б.Ерзаковичтің орыс, қазақ музыкасының Октябрь революциясына дейін өзара байланысы туралы мақаласында кейбір қызықты факторлер берілген. Автор өткен ғасырдағы саяхатшылардың, ғалымдардың жазбаларына сүйене отырып, екі халықтың арасындағы достықты бейнелейтін мысалдар келтіреді. Мұның бәрі, әрине, жақсы нәрсе ғой. Алайда, Б.Ерзакович біраз жайларда мәселені тым атүсті айта салады. Оның мақаласынан әдебиет пен искусствоның өзіндік заңдылығын елемеушілік те байқалады. Автор бір халықтың екінші халыққа шаруашылық, жалпы мәдениет жөнінен еткен әсері лезде-ақ музыкада да көрінеді деп дәлелдемек. Бірақ ән мен күй адам басындағы қайғы немесе шаттық кезінде көп туатынын, олардың ұлттық дәстүр негізінде жаралатынын ол ескере бермейді. Онан соң, сезім деген нәрсе музыкаға жан-жақты әсер ететінін Б.Ерзакович тіпті ойға алмаған ба дейміз. Әрине, мұнымен мақала құнсыз деп қорыта салмаймыз. Жекелеп болса да фактілерге талдау бар, оның үстіне тұңғыш басылып отырғандықтан, бұл да белгілі дәрежеде қажетке жарайды деп білеміз.

Қазақстанның музыкалық мәдениетіне арналған алғашқы жинақтың шығуын құптаумен қатар тілек айту да орынды. Жинақта қазақтың бұрынғы-соңғы музыка қайраткерлерінің

тым азғантай тобы ғана сөз болады. Мұнымен қанағаттануға әсте болмайды. Революциядан бұрын жасаған классикалық музыка өкілдерінің қалың тобы әлі де жұртшылыққа танылмай жатыр. Бұған, әрине, архив материалының табыла бермейтіндігі де кедергі. Сондықтан олар туралы ел аузында қалған әңгіме, аңыздардың өзін мұқият зерттеген мақұл. Осы ретпен Тәттімбет, Дәулеткерей, Ықылас, Біржансал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Мұхит, Естай сияқты көптеген халық өнерпаздарының үлкенді-кішілі еңбектерін жасауға болар еді. Бұған Қазақстан Ғылым академиясының музыка секторы инициатор болуға тиісті. Рас, соңғы жылдары сектор бірнеше еңбек басып шығарды. Бірақ бұл қазақ жұртшылығының музыка мұқтажын өтей алмады. Мәселені нағыз халықтық мүдде тұрғысынан батыл қоятын уақыт жетті. Сондай-ақ, совет заманында қазақ искусствосына зор еңбек сіңірген қайраткерлер жайында жеке кітапшалар, жинақтар шығару қажет.

Қазақ музыкасының өзіндік ерекшелігін ашатын терең ғылыми еңбектер керек. Музыка тарихын немесе жеке қайраткер жайын баяндағанда мәселені тым жалпылама қоюшылық көп еңбектерден-ақ көрініп жүр. Біздің композиторларымызға, әншілерге, күйшілерге көмек берерліктей, қазақ музыкасының характерін таныстырарлықтай парасатты зерттеулер аз. Бұл кемшілікті жою – музыка зерттеушілерінің қасиетті парызы. Мәселе қазақ халқының бүкіл музыкалық мәдениетін бүгінгі ұрпаққа танытуда, олардың өз елінің өнеріне деген сүйіспеншілігін арттыруда, жастар арасында музыка ісін жаңа сипатта алға алып барарлықтай өнерпаздарды даярлауда болып отыр. Осы тұрғыдан алып қарағанда қазақтың ән-күйін мол жинап, азаматтық ерлік жасаған Александр Викторович Затаевичтің өсиет сөздері бүгінгі күнге дейін қастерлі, қымбат.

“Бұл қиын міндетті ойдағыдай дұрыс орындай алдым ба, жоқ па, оны бағалаушы мен емес. Бірақ менің бұл жұмысқа шын мәнінде жан салып, барлық қабілетімді жұмсап

отырғаныма сіздер күмәнденбессіздер деп сенемін... Мен қартпын, келешек сіздердікі, өздеріңіздің ұлттық рухани байлығыңызды сақтай біліңіздер, оны зерттеп көбейте түсіңіздер” деген еді ол. Халықтың ғасырлар бойғы жасаған музыкалық мұрасын пайдаланып, дамыта отырып, жаңа заманға сай шығармалар тудыру – қазақ совет композиторларының ең үлкен міндеті.

1956

ӘЛЕМ КАРТАСЫ АЛДЫНДА

Дүние жүзіндегі ұлы өзгеріс

Осыдан он-он бес жыл бұрынғы дүние жүзінің саяси картасын қазір алып қараған кісі одан көптеген өзгерістерді таба алады. Ол кезде Азия мен Африка елдерінің барлығы дерлік Европа мен Америка байларының толық немесе жартылай отары болатын. Дүние жүзі елдерімен, олардың экономикалық, саяси құрылысымен таныстыратын география пәні мұндай теңсіздікке жауап таба бермейтін. Картада Азия мен Африканың ұлан-байтақ жерлері неше түрлі бояулармен бөлшектеніп жататын еді. Мәселен, Англия отарларының жасыл бояумен, Франция отарларының қызғылт бояумен, Америка Құрама Штаттарына бағынатын елдердің сары бояумен анықталатыны да есімізде. Тіпті экономикалық географияда отар елдердің шаруашылық, мәдени құрылыстары жайынан мәлімет те тым аз берілетін. Ол елдердің бәрі де ұзақ ұйқыда жатқандай, дүниежүзілік прогресс жолынан жырақ қалғандай сезілуші еді. Жан-жақтан қасқырша анталаған жаулардың қысымына қарамастан совет мемлекеті ондаған жылдар бойы дүниедегі бірден-бір социализм елі болып, жер жүзіне өзінің ықпалын тигізіп келді. Біздің еліміз бүкіл жер шарындағы әлеуметтік және ұлттық езуге түскен халықтарға шам-шырақтай жол көрсетіп, олардың азаттық күресіне есепсіз зор әсер етті. Екінші

дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін көптеген елдерде саяси өзгеріс туды. Ұлы Отан соғысында Совет Армиясының фашистік Германияны жеңіп шығуы бұл өзгерістің негізі болды. Еуропа мен Азияда көптеген мемлекеттер капиталистік бұғаудан құтылып, социализм жолына түсті.

Соғыстан кейінгі жылдарда бейбіт саясат ұстанған мемлекеттер де пайда болды. Осы күнде дамудың социалистік жолына түскен елдер жер шарының жиырма бес проценттен астамын алып жатыр. Онда бүкіл жер жүзі халқының отыз бес проценттен көбі тұрады. Бұған бейбітшіл саясат ұстанған, “бейбітшілік зонасы” деп аталатын елдерді қоссақ, бүкіл әлемдегі халықтың көпшілігі соғысқа қарсы, империализмнің үстемдігіне қарсы шығып отыр деуге болады.

Дүние жүзінің көпшілік елдерінің арасында барған сайын ұлғайып келе жатқан азатшылдық рухы империалистерді үлкен абыржуға душар етті. Олар өздерінің ғасырлар бойғы үстемдігінен айрылғысы келмей, қалай да болса отаршылдықтың ұзақ дәурен сүруін аңсап отыр. Өзінің бағыты социализмге қарсы НАТО, СЕАТО сияқты соғыс одақтарын құрып, олар өз еркін өз қолына алған халықтарға қарсы соғыс даярлығын жүргізіп келеді. Бірақ азат өмірдің дәмін тата бастаған халықтар, ешқандай қысымға, арандатушылыққа көнбек емес. Оны Америка империалистері Корей Халық Демократиялық Республикасына қарсы ашқан соғысының нәтижесінен де көруге болады. Монополистер Кореядағы орнаған демократиялық құрылысты жоюға қанша ұмтылғанымен, азаттыққа қолы жеткен халық өзінің жеңісін сақтап қалғаны дүние жүзіне мәлім. Азия мен Африка елдерінің енді ешқашан да отаршылдыққа көнбейтіндігінің айқын белгісін Египет оқиғаларынан да көріп отырмыз. Биылғы жылы бейбітшілікті сүйгіш Египет өкіметінің өз елінің байлығы – Суэц каналын мемлекет меншігіне алғаны мәлім. Бұл оқиға Англия, Франция үкіметтері үшін адам естіп көрмеген астамшылық сияқты сезіледі. Олар еш уақытта да Египет халқы мұндай батылдыққа барады деп ойламаған

тәрізді. Басқыншылар “көп асқанға бір тосқан” деген халық мақалын ескергісі келмей, барлық айла-амалын жұмсап, Суэц каналын қайтадан өз меншігіне алмақшы. Соңғы күндердің оқиғасы интервенттердің арам пиғылын дәлелдеп отыр. Олардың Египет қалаларын бомбалауы, Египетке қарсы Израиль әскерлерін жұмсауы – империалистердің озбырлығын тағы да бір әшкерелейтін фактор. Англия, Франция өкіметі өздерінің соғыс техникасының басым екендігін пайдаланып, Египет елін жүндей түткісі келеді. Бірақ олар дүниеде атом қаруынан да күшті қару бар екенін ескермейді. Ол қару – бүкіл халықтың азаттықты қорғауға деген ауызбірлігі.

Социализм жолына түскен немесе тәуелсіздікке қолы жеткен елдер де босқа қарап отырған жоқ. Олар агрессорлардың кез-келген басқыншылығына тойтарыс берерліктей өздерінің ұлттық экономикасын, оның ішінде ауыр индустрияны мықтап өсіруге кірісіп отыр. Қазірдің өзінде Қытай, Индия сияқты мемлекеттер өз елінде ауыр индустрияның негізін сала бастады. Мұның өзі бұл мемлекеттердің тарихында бұрын болып көрмеген ұлы прогресс екенін әркім-ақ сезсе керек.

Халықтардың өзін-өзі билеуге, азатшылдыққа ұмтылған күресі барған сайын ұлғая түсуде. Бір биылғы жылдың ішінде дүние жүзінің саяси картасына бірталай өзгерістер кіріп отыр. Тәуелсіздікке қолы жеткен бір топ араб елдерін, Азиядағы көптеген суверенді мемлекеттерді айтпағанда, биылдың өзінде Африканың солтүстігіндегі Тунис пен Марокконың тәуелсіздікке қолы жетті. Олар француз отаршылдарына қарсы күрескен ондаған жылдарда өздерінің ұлттық намысын қорғаудың үлгісін көрсетті. Қазіргі кезде Алжир халқы да азаттық үшін күресін күн санап дамытып келеді. Олардың да француз езушілігінен құтылатындығына сөз жоқ. Өйткені бостандық рухы қазір жер шарының ең езілген халықтарының арасында да күшейіп отыр. Адам баласын мыңдаған жылдар бойы теңсіздікте ұстаған система жыл сайын күйрей беретіндігіне халықтардың сенімі күшті.

Оянған Азия

Бүкіл адам баласының жартысынан көбі тұратын, ежелгі цивилизацияның мекені – ұлы Азия соңғы жылдарға дейін отаршылдықтың тұтқынында тұншығып келді. Еуропа империалистері Азияның есепсіз байлығын сүлікше сорды. Азия халықтары ондаған, жүздеген жылдар бойы ғылым мен техниканы өсіруге мүмкіншілік таппай, шетел байларының жемі болды. Тіпті, Азия деген ұғымның өзі надандықтың, дәрменсіздіктің белгісіндей көрінетін. Ең соңғы уақытқа дейін еуропа әдебиеттерінен Азияны қорлайтын көптеген сөздерді оқуға болар еді. “Қытай қорғаны”, “қытайшылдық”, “қытай шимайы” деген сөздер нағыз түпсіз қараңғылықтың, шегіне жеткен сорлылықтың анықтамасындай сезілетін. Буржуазия оқымыстыларының кітаптарында Азия елдерінің жайы тек отаршылдық мүддесінде ғана жазылатын. Шетел басқыншылары өздерінің үстемдік еткен кезінде Азияның материалдық байлығын алып, халықты рухани құлдыққа түсіріп қана қоймай, сол елдердің ең таңдаулы мәдени мұраларын да иемденіп келді. Азияның небір шебер суретшілері салған ғажап шығармалар Париж бен Лондонның музейінен орын тепті. Отаршылдар бұл елдердің халқының прогреске жетуіне қасақана кедергі жасап отырды. Олар Азия халқын бейне бір ұлы жұмыстарға икемсіз, тағдырына риза, үнсіз жандар деп есептеді. Бірақ ерте ме, кеш пе езушіліктің жойылатыны сияқты Азия елдеріне дерт боп жабысқан отаршылдықтың тігісі сөгіледі.

Бүкіл Азиядағы халықтардың азатшылдық қозғалысына Қытайда халықтық республиканың орнауы зор қозғау салды. Дүниедей кең, еңбек сүйгіш, талантты қытай халқы өзінің ғасырлар бойғы көрген қысымына шыдамай, бүкіл отаршы атаулыны өз елінен қуып шықты. Алты жүз миллион халқы бар қытай елі қазір социализм құру жолында алып адыммен алға басып барады. Ендігі жерде буржуазия оқымыстылары қолданған “Қытай қорғаны”, “қытай шимайы” деген мазақ сөз

мүлде жойылып бітетін болады. Бұған Мао Цзе Дуннің “Қытай халқы енді еш уақытта да қорлық өмірге көнбейді, біз өз цивилизациямызды жасаймыз” деген сөзі де дәлел. Қытайдың коммунистік партиясы бүкіл елдің экономикалық, мәдени, саяси мәселелерін әділ шешіп келеді. Соның бірі Қытай Коммунистік партиясының ұлт саясаты деуге болады. Қытайдағы бұрын езіліп келген аз ұлттар азаттыққа, еркін өмірге, өзін-өзі толық билеуге қолы жетіп отыр. Сондай аз ұлттардың бірі – қытай қазақтарының да автономияға ие болуы совет халқын, оның ішінде қазақ халқын қуандырмай қоймайды. Олардың экономикалық, мәдени саладағы табыстары – Қытайдағы ұлт саясатының тамаша шешілгендігінің айғағы.

Азияның екінші бір ұлы – Индияның да тәуелсіздікке қолы жеткеннен кейінгі табыстары бүкіл бейбітшілік сүйгіш халықтардың бәрін де сүйсіндіріп отыр. Индияның көрнекті қайраткерлері басқа елдермен тең праволы, бейбіт қатынас жасау саясатын ұдайы жүргізіп келеді. Индия қазіргі кезде бүкіл халықаралық саясатта өзіндік орны бар мемлекетке айналды. Совет Одағы мен Индияның арасындағы достық байланыс екі елдің де өмірлік мүдделеріне сай екендігін бұл елдердің халықтары түсініп отыр. Ежелгі үлкен мәдениеті бар, тарихта талай тамаша адамдарды, ұлы мұраларды тудырған Индия халқы өзінің еркін еңбек етіп, ұлттық экономикасын өсіре беруіне мүмкіншілік алды. Қазірдің өзінде Индияның әдебиеті мен искусствосы көп елдердің тіліне аударылып отыр. Индия халқының кино искусствосы дүниежүзілік даңққа ие болды. Міне, азаттыққа қолы жеткен халық бүкіл цивилизацияның өсуіне өз үлесін, өз нақышын қоса бастады деген осы.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі дәуірде тәуелсіз мемлекет орнатқан Корея, Бирма, Индонезия, Вьетнам, Непал, Камбоджа, Лаос тағы басқа елдерде де ұлттық дамудың жаңа белесі басталып отыр. Бостандық сүйгіш араб халықтарының империализмге қарсы күресі де өз нәтижесін беріп, бірнеше

мемлекеттері орнап отырды. Әрине, бұл елдердің бейбіт саясат жүргізіп, ұлттық экономикасын, мәдениетін өсіруіне басқыншылар әсте де риза емес. Сондықтан да олар әр түрлі арандату саясатын қолданып, ол елдердің арасында үрей туғызуға тырысады. Алайда тарихтың дөңгелегін кері бұруға болмайтындығы белгілі. Жылдар бойғы ауыр азапты күресте бостандық алған халықтар ешқандай атомнан қорқып, агрессорларға бас иейін деп отырған жоқ. Олардың монополистерден қоқан-лоқы көргені бір бұл емес. Жер жүзінің прогресшіл халықтары Азия елдерінің тәуелсіз өмір сүруін қолдап отыр.

Қазіргі кезде Азия елдеріндегі ұлт-азаттық қозғалыс нағыз прогрестік мәні бар құбылыс екенін жақында Москваға келіп қайтқан Индонезия республикасының президенті доктор Сукарно өте орынды айтты.

Әлем картасындағы өзгерістер соншалықты көп. Оның тарихи маңызын түсіндіруге әлі талай кітаптар арналар. Жер шарында осы күнге дейін ауыр езушілікте келе жатқан халықтар да аз емес. Дегенмен олардың да саяси картада өз бояуымен көрінетін шағы жақын. Сонда осы күндегі география оқулықтарына көптеген өзгерістер еніп, кітаптың авторларына мемлекеттер тарихын қайта қарап шығуға тура келер. Адам баласының шын мәніндегі лайықты тарихы барлық халықтардың терезесі тең ел болу кезеңінен басталмақ...

1956

ҰЛЫ ОРЫС ӘДЕБИЕТІ

Ұлы орыс әдебиеті дегенде, алдымен, оның асқар таудай алып ақын, жазушыларының есімі ойымызға оралады. Өзінің көркемдік күшімен, пікір байлығымен, адамшылдық, әділдік туын жоғары көтеруімен, өзіне ғана тән азатшылдығы, күресшілдігі, революцияшылдығымен ерекшеленген дүниедегі ең күдіретті әдебиет – орыс әдебиеті.

Қазақ халқының бұрынғы-кейінгі өскелең, білімдар ұрпағына дәл орыс әдебиетіндей мол қазына, өшпес сәуле берген ешбір әдебиет жоқ.

Орыс әдебиетінің бізге айрықша қадірлі болуы халқымыздың Россиямен ерте заманнан бері тағдырлас болғандығынан ғана емес. Ол, бәрінен бұрын, орыс әдебиетінің озық ойлы, әділетшіл әдебиет болуына байланысты. Адам тағдырын, заман құбылысын сөз етпеген әдебиет жоқ. Адам баласының көркемдік дамуына зор ықпал жасаған өшпес шығармалар ағылшын, француз, неміс және т.б. әдебиеттерде де мол. Оларда да өмір оқиғаларын көркемдік шеберлікпен шыншыл бейнелеудің неше алуан үлгілері бар. Бірақ адам тағдырына жанашыр, әділетшіл, революцияшыл, интернационалды болуы жағынан орыс әдебиетіне ешбір әдебиет теңдес келе алмайды.

Жас шәкірт ана тіліндегі төл шығармаларды түгелдей оқып болып, өмір сырын, тіршілік күресінің құпиясын іздегенде, оның ең әділ де, толық та жауабы орыс әдебиеті шығармаларынан табылған. Бұл ретте “орыс әдебиетінің әсері” деген сөз кейде тым жеткіліксіз көрінеді. Дұрысырақ айтсақ, оны “әсер” демей, орыс әдебиетінің өнегесі дер едік.

Әдебиет – қоғам, заман айнасы. Патша самодержавиесі азат ойдың зәредей нышанынан қорыққан, жер-дүниені алып жатқан үлкен халық азат бұғауында тұншығып, адамдық құқықтан айрылған заманда орыс әдебиеті о бастан демократияшыл, халықтық әдебиет болып қалыптасты. Әсіресе, ХІХ ғасырда таң шолпанындай жарқырап, алып суреткерлер қос-қосымен шықты. Солардың ішінен ең әйгілі, ең даңқтыларын іріктеп алғанда да талай-талай ардақты есімді атаймыз. Арыдан санасақ, олар: кемеңгер Крылов, тілге жеңіл, жүрекке жылы тиер өлеңнің қайнар бұлағы – Пушкин, алмастай өткір, болаттай берік, поэзия иесі – Лермонтов, жауыздық пен зұлымдыққа жайдың оғындай тиген – Гоголь мен Салтыков-Щедрин, дана суреткер Л.Толстой, орыс сөзінің күдіретін көрсеткен Тургенев, азаттықтың жаршысы

Некрасов, теңдесі жоқ стилист Чехов... Бұл тізімге басқа да ұлы жазушылардың есімін қосуға болар еді. Орыс халқының ұлттық санасының өсуіне, бүкіл әдебиетінің зор мұратқа – демократиялық, гуманистік дәрежеге көтерілуіне жол нұсқаған, өз кезінің ең әділ, қажетті сөздерін айтқан, бір орыс емес, Россияны мекендеген барлық халықтардың азаттық арманына сәуле құйған Герцен, Белинский, Чернышевский, Добролюбов сияқты дана ойшыл, философтардың орны бөлек.

Революциядан бұрынғы демократиялық, реалистік әдебиетімізге орыс әдебиетінің өнеге, мектеп болғаны ақиқат. Демократиялық орыс әдебиетінің үлгісі болмаса, Абай да, Шоқан да, Ыбырай да өз кезінің жарық жұлдыздары биігіне шыға алмас еді. XX ғасырдың бас кезіндегі демократияшыл әдебиет жөнінде де осыны айтамыз. С.Көбеевтің “Қалың мал” романынан, Сұлтанмахмұттың жаңа сападағы дастандарынан, М.Сералиннің терең ойлы публицистикалық еңбектерінен де ұлы әдебиеттің тікелей үлгісін сеземіз. Жазба әдебиетіміздегі ұлттық мақтанш болып саналарлық ақын, жазушылардың әрбірінің-ақ санасына орыс әдебиеті сөнбес нұр құйған.

Советтік орыс әдебиеті адам баласының көркемдік дамуында жаңа заман ашқан социалистік реализм туын алдымен көтерді. Мұның бастаушысы пролетариат әдебиетінің атасы – Алексей Максимович Горький еді. Оның әйгілі “Ана” романы социалистік реализм әдебиетінің тұңғыш үлгісі болды. Содан бастап, дүние жүзі әдебиетінің дамуында тың жол ашылған. Алғаш рет әдеби шығармаларда қоғамды өзгертуші еңбекші халықтың өкілдері барлық шындығымен көрініп, бас тұлғаға айналды. “Ана” романынан бергі жерде, әсіресе, Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейінгі орыс әдебиетінде өмірді революциялық даму харекеті үстінде суреттейтін көптеген тамаша шығармалар туды. Советтік орыс әдебиетіндегі социалистік туындыларының таңдаулы үлгілері қатарында Ф.Гладковтың “Цемент”, А.Серафимовичтің “Темір тасқын”, А.Фадеевтің “Тас-талқан”, “Жас гвардия”, Н.Островскийдің “Құрыш қалай шынықты”, А.Толстойдың

“Қиямет-көпір кешу”, М.Шолоховтың “Тынық Дон”, К.Фединнің “Алғашқы қуаныш”, “Өзгеше жаз” секілді шығармалары аталады. Социалистік реализм әдебиетін тұңғыш тудырған орыс әдебиетшілері барлық жанрда да советтік әдебиеттің алтын қорына қосылған асыл туындылар берді.

Соныдан социалистік реализм жолын салған советтік орыс әдебиеті орыстың классикалық әдебиетінің дәстүрлерін жаңа, жоғары сатыға көтерді. Соның арқасында ол дүние жүзіндегі ең идеялы, ең демократиялы әдебиет болып отыр. Оның шетел әдебиетіне революцияшыл ықпалы барған сайын артып келеді. Тіпті осы күнгі әлем әдебиетінің алдыңғы қатарлы жазушыларының қай-қайсысына да советтік орыс әдебиеті тікелей ұстаз болып отыр десек, асырып айтқандық емес. Міне, осы зор үлгіден, үлкен қазынадан қазақ совет жазушылары еркін сусындап келеді. Осының арқасында қазақ совет әдебиеті барлық жанрда кемелденген, озық мәдениетті әдебиетке айналды. Мұның мысалы тіпті көп. Соның ішінде М.Әуезовтің “Абай” эпопеясын, Ғ.Мүсіреповтің “Оянған өлкесін”, Ғ.Мұстафиннің “Қарағандысын”, С.Мұқановтың “Ботагөзін” атасақ та жетіп жатыр.

Бұрын орыс әдебиетінен ілуде бір қазақ қана нәр алса, енді ол бүкіл халқымыздың рухани игілігіне айналып отыр. Советтік қазақ әдебиетінің алтын қорын жасаған ұлылы-кішілі ақын, жазушыларымыздың, сыншылар мен ғалымдарымыздың да ең жақсы табыстарында орыс әдебиетінің ұлы өнегелері бар.

Сол ұлы өнегелер қайсы? Орыс әдебиеті, бәрінен бұрын, революцияшыл әдебиет. Сонау ХІХ ғасырдағы үлгілі шығармалардың көпшілігінен өз кезіндегі әлеуметтік болмысқа, самодержавиеге қарсы батыл күрес ашылғанын көреміз. Радищевтің, декабристердің, 60-жылдардағы революцияшыл демократтардың шығармаларынан күрес лебі еседі. Герценнің “Өткен күндер, ой толғаулар” атты мемуарлық кітабында, әсіресе, Чернышевскийдің “Не істеу

керек?” романында алдыңғы қатарлы орыс адамдарының патшалық қысымшылығына қарсылығы, өшпенділік сезімі оқ боп атылғаны, “балтаға” шақырғаны мәлім. Горький бастаған бүкілсоветтік орыс жазушыларының шығармалары революциялық пафосқа толы. Орыс әдебиетінде ескіге қарсы, адамның, халықтың азат, бақытты өмір сүруіне кедергі жасағанның бәріне қарсы бітіспес күрес идеясы басым жатады. Мұның өзі өмір құбылысын өсу, өзгеру, даму, тартыс үстінде көрсету деген сөз. Бұл қасиет, әсіресе, советтік орыс әдебиетінде айрықша мол. Мұнда халықтың коммунизм орнату үшін күресі суреттеліп қана қоймай, сол нысанаға жету жолындағы қиыншылықтарды жеңу суреті көрсетіліп отырады. Социалистік өмір шындығын революциялық романтика дәрежесіне көтере бейнелеуде де орыс совет әдебиеті озық. Онда барша жұртқа өз үлгісімен ғибрат боларлық күрескер қаһармандар галереясы бар.

Әдебиеттің айрықша үлкен қасиеттерінің бірі оның халықтығында болса, мұның да ұлы өнегесі орыс әдебиетінде. Орыстың реалист жазушыларының қай-қайсысы да өз халқының асыл қасиетін, мінезін, тұрмыс-күйін, салт-санасын, ауыр тіршілік болмысын бейнелеуді абырой санаған. Ұлы орыс жазушылары езілген халық сойылын соқты. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарына дейін орыс халқының намысына таңба болып басылып келген крепостниктік құлдыққа қарсы бар даусымен лағнет айтқан солар. Еңбекші халыққа кемшілік келтіріп отырған кеселдің бәрін де олар әшкереледі, халық мұнын әдебиет туы етіп көтерді.

Осындай дәстүрі бар советтік орыс әдебиеті де шынайы халықтық әдебиет. Одан біз орыс халқының бүкіл тіршілік тынысын аңғарамыз. Орыс жазушылары өз халқының бұрын-соңғы өмірінің бәрін көркем сөз өрнегімен кестеледі. Сонау Иван Грозныйдан бергі орыс өмірі түп-түгел көркем әдебиеттен табылады. Және әр дәуір өз мінезімен, тілімен, салт-сана ерекшелігімен көрініп отырады. Тарихи оқиғаларды суреттегенде орыс жазушылары табиғи шындығымен

көрсетеді. Халықтық әдебиет деп халық өмірінің айнасы бола білген әдебиетті айтамыз ғой. Ендеше, осы атаққа бір әдебиет лайық болса, ол – орыс әдебиеті.

Қазақ әдебиеті қанша көркейіп өскенімен, әлі де болса, оның нысанасына ілінбеген талай-талай тақырыптар бар. Революциядан бұрынғы өмірді көркемдікпен танытатын “Абайдан”, “Оянған өлкеден” басқа шығармамыз көп емес. Халқымызға тарихты көркемсөз күдіретімен қайта жандандырып көрсететін, бүгінгі ұрпаққа өткен заман шындығын елестететін үлкен туындылар қажет. Мәселен, қазақ халқының 1720 жылдардағы Жоңғар басқыншылығына қарсы патриоттық, азаттық күресі қазақ халқының Россияға “өз еркімен” қосылу сыры, Сырым Датов, Исатай-Махамбет бастаған қозғалыстар т.б. көптеген тақырыптар өз суреткерлерін күтеді. Бүгінгі жаңарған өмірдің, өзгерген мінездің, қазіргі қазақ адамының тіршілік болмысында, жан күйлерде айтылып болмаған ақиқат молшылық. Халқымыздың революциядан бергі заманын мүсіндейтін жаңа эпопеялар жасау – қазақ жазушыларының мойнындағы халық қарызы.

Орыс әдебиетінің тандаулы үлгілерінде интернационализм рухы сайрап жатады. Ондай шығармаларда халықтар ынтымағын жақтаушылық, барлық елдің де терезесі тең болуын қолдаушылық айқын сезіледі. Орыстың демократияшыл әдебиетінде шовинизм дерті болған емес, ал советтік орыс әдебиеті интернационализм рухын жоғары, жаңа дәрежеге көтерді. Совет әдебиетінің дүние жүзінің еңбекші халықтарына айрықша сүйікті болуының да сыры осында жатыр.

Классикалық орыс әдебиетінің даңқты болуы ондағы патриотизм идеяларының күштілігіне де байланысты. Өткен замандағы даңқы жер шарына жайылған классиктер өз елінің тамаша отаншылдары болған. Басқа елдердің мәдениетін, салт-санасын ардақтай, зерттей, жақсы жақтарын үздіксіз насихаттай отырып, олар ешқашан да патшалықтың еңбекші орыс халқын қорлауына, астамшылық жасағанына шыдаған

емес. XIX ғасырдың бас кезінде орыс дворяндарының көбі-ақ орыс тілінде сөйлеуді қорлық санаған кезде патриот жазушылар еңбекші орыс халқының ұлттық асыл қасиетін, орыс тілін менсінбей кекірейген вельможалардың арсыз космополиттігін қатты айыптаған. Орыс жазушылары патриотизм мен интернационализмді бірдей ұстанған. Олар халықтар бірлігінің, мәдениеттер ынтымағының жалынды насихатшылары болды. Советтік орыс жазушылары осы дәстүрді толықтырып, көркейтіп, пролетарлық интернационализмнің биігіне жеткізді.

1957

АҚЫН МҰРАТЫ

Жақында Аманжолов Қасым шығармаларының толық жинағының үшінші кітабы жарыққа шықты. Туған халқына ақындық бар өнерін бағыштап, артына бай мұра қалдырған ақынның шығармалары тұңғыш рет толық жиналып, жарияланып отыр. Ақын туындыларының үш томдығының жарыққа шығуы мәдени өміріміздегі елеулі оқиға.

* * *

Өз жүрген жолдарыма келем жазып,
Сырымды, барлық өмір баянымды.

Атақты ақын Аманжолов Қасымның осы бір сөздерінде зор шындық жатыр. Шынында да ол – өзінің барлық саналы өмірін поэзия кестесімен өрнектеп, ұмытылмас шежіре жасап кеткен ақын. Қасым қазақ поэзиясының көгінде жарық жұлдыздардың бірі болды. Оның поэзиясы оқушы жұртшылықтың сүйіспеншілігіне бөленіп, әрбір адамның көңіл сырласына айналды. Ақын үшін бұдан үлкен абырой, мұрат жоқ.

Аманжолов Қасым қазақ поэзиясына 30-шы жылдарда келді. Ол кезде бүкіл еліміздегі сияқты Қазақстанда да зор әлеуметтік өзгерістер, социалистік жаңа қатынастар үстем

болған еді. Ақын, жазушыларымыздың қай-қайсысы болса да тарихи құбылыстарды көркем бейнелеуге, жаңа заманның нышандарын халыққа түсіндіруге ұмтылды. Алып адыммен алға басып бара жатқан социализм елінің сенімді серпінін, кең құлашын, өмір сүйгіштік оптимизмін жоғарғы патетикаға көтере жырлады. Өмір құбылыстарын ақындық өрнегіне түсіріп, айта білуде әрбір суреткердің өз тынысы байқалмай қалмайды. Мұндай ерекшелік Қасым ақынның поэзиясынан да табылады. Ақын социалистік өмірдің қарқынына сай келетін, оның сыр-сипатын ашып бейнелейтін поэзия тудыруды аңсады.

Достарым, асығамын уақыт қымбат,
Сылбырлық іш пыстырар жаныма жат.
Замана – экспресс, мен – пассажир,
Қап қойсам бір вокзалда, – болар ұят, –

деген ақын, шынында да, замана сырын ерте ұғып, халқына жырлап беруге тырысты.

Қасым ақын поэзиясының пафосы – социалистік заманның шындығы. Ол – өзінің әрбір өлеңінде жаңа заманның тынысын, жүрек соғысын жырлап, өз басының қуаныш, қайғысын бар дауысымен, қалтқысыз шындығымен, табиғи жырлаған ақын.

Оның алғашқы дәуірдегі өлеңдерінде өмір құбылысын ескі толғау үлгісінде, дүниеге шолу жасағандай етіп жалпылама жырлау байқалады. Дегенмен талантты ақын көп ұзамай нағыз мәдениетті, көркем поэзия құпиясын ұғып, төрт құбыласы тең өлеңдер тудыра бастады.

Әрбір ақынның поэзиясында көбірек жырлайтын сүйікті тақырыптары болады десек, Қасым ақынның ең көп жазғаны әлеуметтік, саяси және махаббат, табиғат лирикасы болды. Ақын жаңа заман тудырған жақсы қасиеттерді, жоғары адамгершілікті, жан сұлулығын тебірене жырлады. Поэзияның ең ежелгі, дәстүрлі тақырыптарының бірі – махаббат лирикасында ол жемісті мұра қалдырды. Жалғаны жоқ, өз жүрегінің қалауымен жазған ақын жай ғана “сүйдім, күйдім”

деген жоқ. Оның сүйіспеншілік тақырыбындағы өлеңдері көпшіліктің жүрегіне жол тауып, әркімнің-ақ көкейіне қонады. Үлкен ақынның жан сезімі, көңіл-күйі көркемдік шындық дәрежесіне көтеріліп, сан мыңдаған оқушының ойынан шықты. Ол айнымас махаббатты, жан сұлулығын ардақтады. Мұны оның махаббат тақырыбындағы әрбір өлеңінен-ақ кездестіруге болады.

Жоқ! Махаббат гүл емес жанның күйі,
Табиғаттың адамға берген сыйы.
Кеуде бейне – күй сандық, білсең ойна,
Оның да бар до, ре, ми... соль, ля, сиі, –

деп жазды ақын. Оның адамдық кіршіксіз сезімі, ақындық табиғаты осы секілді бірталай өлеңдерінде барынша айқын көрінеді. Бұған мысалға “Көзімнің нұры бітпес”, “Көптен бері, өзімнен кетті ерік”, “Ғашық едім қайтейін”, “Қайдасың махаббаттың періштесі”, “Алдында мен махаббат әулиенің” тәрізді өлеңдерін алсақ та жетіп жатыр. Бұл өлеңдер – кімнің де болса рухани өмірін байыта түсетін шындық, адам өмірінің тарихы. Кейде біздің поэзиямызда ұшырайтын махаббат өлеңдері сөзі қанша әдемі, ұйқасы сұлу болғанымен, жүрекке әсер ете бермейді ғой. Оның бір себебі авторлардың “тақырыпқа тақырып үшін” қызығушылығынан болса керек. Ал, Қасым өлеңдерінде мұндай жай байқалмайды.

Алайда ақынның өлеңдеріндегі негізгі сарын - әлеумет шындығы. Оны ақын ретінде асса, бүкіл Совет Одағына, қалса, туған республикасына танытқан нәрсе – ақынның азаматтық, саяси лирикасы. Бұл тақырыптағы өлеңдерінің әрқайсысында да адамдарымыздың таңғажайып ерлік еңбегі, жарасымды өмірі көрініс табады.

40-шы жылдарда Қасым ақындық творчествосының жаңа белесіне көтерілді. Бұл кездегі ақын өлеңдерінің дені идеялық мазмұны, көркемдік шешімі жағынан сайма-сай келетін туындылар болып табылады.

1941 жылы жазылған “Советтік менің өз елім” деген өлеңінде ақын өз басының бақытты тағдырын тамаша көркем

бейнеледі. Бұл өлеңнен біз мындаған адамдардың жаңа өмірге жарасымды тағдыр тапқанын көргендей боламыз.

Өмірге ендім еңбектеп,
Шалқалап әкем шықты үйден,
Жетімдік тағдыр жетті ептеп,
Қабағын жаба түксиген.
Өмірден үміт жоқ өзге,
Даланың тердім тезегін.
Әкем боп таптың сол кезде,
Советтік менің өз елім...

Бұдан былайғы өлеңдерінде ақынның поэзиялық шеберлігі, таланты өскен үстіне өсе береді. Дүниежүзі классикалық поэзиясынан мол хабардар ақын өлеңдегі жаттандылық, жалпыламалық, құрғақ шешендік атаулыдан арылып, нағыз мәдениетті поэзия жасауға талаптанды. Оның әрбір жақсы табысын, сәтті жолдарын, ғажап теңеулерін жекелеп алып жатпағанда, осы қасиеттерін ақынның бір ғана өлеңінен анық сезінгендей боламыз. Ол – “Байкал” атты өлең. Нағыз мөлдіреген келісім, тасбұлақтың суындай сылдыраған поэзияны іздеген адам осы өлеңді оқысын. Мұнда ақындық қиялдың, суреткерлік ұсталықтың зор шеберлігін көреміз. Өлең бастан-аяқ бірінен бірі асып, үдей түсіп отырады. Бұл айтқанымызды мына бір үзінді де аңдатпай ма?

...Ұшты құстар көңілімнен,
Жанымда жыр толғадым,
Шымылдықтай төгілген,
Араладым орманын.
Аспанменен егескен
Бастым зәулім шыңдарын.
Күркіреп көкте кеңескен,
Бұлттың сөзін тыңдадым.
Өр толқынмен ойнадым,
Қақтым ұшқан құстарын.
Шолп-шолп еткен шортанын

Шоқтығынан ұстадым.
Жаттым бір кез құмартып,
Салқын самал сайында.
Би билеттім бұралтып,
Ақ балтырлы қайыңға...

Қасым ақынның соғыс кезіндегі поэзиясы жемісті де нәрлі. Бұл кезде бүкіл еліміздің халықтары басқыншы жауға қарсы көтеріліп, өз Отанының бостандығы үшін күресті. Арамза жауды құрту үшін халық барлық қайрат жігерін жұмсады. Совет елінің ақын, жазушылары өзінің өткір сөзімен халқымызды фашизмге қарсы күреске рухтандырып отырды.

Отан соғысының жылдарында бүкіл қазақ совет поэзиясы жаңа бір өрлеу белесіне шықты. Өзінің көптеген қаламдас достары секілді Қасым да майданға аттанды. Ол майдан өмірінің аса ауыр жағдайында жүріп жоғары патетикаға көтерілген жырларын туғызды. Қасымның жеке адамдарға арнап жазған сәлем хат өлеңдерінде де, Отаны, елі туралы толғау жырларында да оның үлкен ақындық сезімі бар қуатымен көрінді. Соғыс кезіндегі жырларының ішінде Қасымның “Абдолла” поэмасы айрықша тұрады. Мұның өзі ақынның ғана емес, сол кездегі бүкіл қазақ поэзиясының шоқтығы дерлік шығарма болды...

Қасым ақын лирикасымен қатар поэмалар да жазған. Ол соғыстан бұрынғы дәуірде “Құпия қыз”, “Бикеш”, “Қытай қызы”, “Боран” тәрізді бірнеше поэма жазды. Олардың көркемдік дәрежесі өз тұсындағы шығармалардың алдыңғы қатарлыларымен еңселес тұрады. Оларда Қасым ақынның тіл байлығы, төселген шеберлігі танылады.

“Абдолла” поэмасы уақыт сынынан өтіп, ұрпақтан-ұрпаққа жететін нағыз көркемсөз құдіретіне толы, өмірдің өзіндей табиғи шығармалардың қатарында тұрады. Бұл дастан Ұлы Отан соғысы туралы жазылған бүкіл советтік поэзияның алтын қорына қосылды.

...Өлім мен өмір айқасқан қан майданның қақ ортасында, қалың жаудың арасында қаһарман азамат Абдолла ақын